«ZIYATKER TURAN» ЖШС мектебі

2026–2027 оқу жылындағы 1-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама

2026–2027 оқу жылында 1-сыныптарында тәрбие жұмысы мектептің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізілді.

Қыркүйек айындағы тәрбие жұмысының мақсаты

Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы аясында ұйымдастырылды. Негізгі мақсат – оқушылардың мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасау, сынып ұжымын қалыптастыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты қалыптастыру және қауіпсіздік ережелерін үйрету.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сынып сағаттары әңгімелесу, түсіндіру, ойын, бейнеролик және практикалық тапсырмалар түрінде өткізілді.

«1 қыркүйек – Білім күні»

Оқу жылының алғашқы күнінде «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, әділетті ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағаты барысында оқушыларға мектеп, білім алу, оқушының міндеттері мен тәртібі туралы қарапайым түсініктер берілді. Оқушылар мектепке алғаш қадам басқан күнін мақтан тұшып, өз сыныптастарымен танысты.

Балаларға мектеп ережелерін сақтау, мұғалімді тыңдау, достарымен тату болу, оқу құралдарын ұқыпты пайдалану туралы түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағында «Жедел қызметтер мен байланыс орталықтарының телефон нөмірлері» тақырыбы қарастырылды. Оқушыларға төтенше жағдайда үлкендерден көмек сұрау және жедел қызметтердің көмегіне жүгіну қажеттігі түсіндірілді.

Нәтижесі: оқушылар мектеп тәртібімен танысып, сыныптағы алғашқы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыра бастады.

«Мен және менің отбасым»

«Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!» апталық дәйексөзі негізінде «Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өзі ұстауларының негізгі ережелері. ЖЖЕ №1 / Мен және менің отбасым» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сабақ барысында оқушылар отбасы мүшелері туралы әңгімелеп, ата-ананы құрметтеу, отбасы мүшелеріне көмектесу, үлкендерді сыйлау туралы өз ойларымен бөлісті.

Жолда жүру ережелері бойынша көшеден дұрыс өту, бағдаршам түстерін ажырату, жолдың белгіленген жерінен өту қажеттігі түсіндірілді.

Тақырыпты бекіту мақсатында оқушылардың отбасы туралы шығармашылық жұмыстары ұйымдастырылып, бейнеролик көрсету арқылы қауіпсіздік ережелері пысықталды.

Қауіпсіздік сабағы: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скрипті»

Қауіпсіздік сабағында төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу тәртібі түсіндірілді. Оқушыларға төтенше жағдайда сабыр сақтау, өз аты-жөнін және орналасқан жерін дұрыс айту қажеттігі туралы түсінік берілді.

Нәтижесі: оқушылар отбасының маңызын түсініп, жол қауіпсіздігінің негізгі ережелерімен танысты.

«ДОСБОЛЛІКЕ» жобасы: «Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз»

«Еңбекқорлық – адамның ең жақсы қасиеті» тақырыбындағы апталық дәйексөз негізінде «ДОСБОЛЛІКЕ» жобасы аясында «Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатының барысында оқушылардың бір-бірінің ерекшеліктерін құрметтеуі, достық қарым-қатынас жасауы, сыныптастарына көмектесуі туралы әңгіме жүргізілді.

«Менің осындай болғаным қандай жақсы!» кезеңі арқылы оқушылар өздерінің жақсы қасиеттерін атап, сыныптастарының жағымды қасиеттерін айтуға үйренді.

Балаларға бір-бірін кемсітпеу, мазақтамау, ренжіткен жағдайда кешірім сұрау және қиын жағдайда досына қолдау көрсету қажеттігі түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағында «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?» тақырыбы қарастырылды. Оқушыларға бейтаныс адамға есік ашпау, үйде жалғыз болған жағдайда қауіпсіздік шараларын сақтау туралы түсінік берілді.

Нәтижесі: оқушылар арасында достық, өзара сыйластық және бір-бірін қабылдау дағдылары қалыптаса бастады.

«Еңбек түбі – береке»

«Күшіне сенбе, адал ісіне сен!» апталық дәйексөзі негізінде «Еңбек түбі – береке» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатында еңбекқорлықтың адам өміріндегі маңызы түсіндіріліп, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай еңбек түрлері туралы әңгіме жүргізілді.

Оқушыларға өз оқу құралдарын жинақтау, сынып тазалығын сақтау, үйде ата-анасына көмектесу, өз заттарына ұқыпты қарау сияқты қарапайым еңбек дағдылары түсіндірілді.

Түрлі ойындар мен сұрақ-жауап арқылы «еңбек», «еңбекқорлық», «жауапкершілік», «ұқыптылық» ұғымдары бекітілді.

Қауіпсіздік сабағында «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану қағидалары» тақырыбы өткізілді. Оқушыларға ойыншықтарды мақсатына сай пайдалану, ұсақ бөлшектерден сақ болу, сынған ойыншықтармен ойнамау және ойыннан кейін ойыншықтарды жинау туралы түсіндірілді.

Нәтижесі: оқушылар еңбекке құрметпен қараудың, өз міндеттерін орындаудың және қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түсінді.

Жалпы қорытынды

2026 жылғы қыркүйек айының алғашқы төрт аптасында 1-сынып оқушыларымен жоспарға сәйкес жүйелі тәрбие жұмыстары жүргізілді.

Ай барысында оқушылардың мектепке бейімделуіне, сынып ұжымын қалыптастыруға, достық қарым-қатынас орнатуына және мектеп ережелерін меңгеруіне ерекше көңіл бөлінді.

Сынып сағаттары барысында білімге құштарлық, отбасы құндылығы, достық, өзара сыйластық, еңбекқорлық, жауапкершілік және қауіпсіздік бағыттары қамтылды.

«ДОСБОЛЛІКЕ» жобасы арқылы оқушылардың бір-бірін құрметтеуі мен қабылдауы, достық қарым-қатынасты қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Жол қозғалысы және қауіпсіздік сабақтары арқылы оқушылар күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен танысты.

Жалпы, қыркүйек айындағы тәрбие жұмыстары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, олардың мектеп өміріне бейімделуіне және сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға оң ықпал етті.

Жасалған жұмыстардың дәлелдеме құжаттарының үлгісі қосымшада ұсынылады

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі: Бауыржан Ш.Ж

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Өтеш